



БЕКІТЕМІН
Ректор М. Рысбеков
27.05 2020 ж.

Міноғ қосымша білім беру бағдарламасы туралы
ЕРЕЖЕ
Е-044/460-2020

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші



1. ОҚМА АҚ Оқу-әдістемелік орталығымен ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«19.05 2020ж. хаттама № 10

2. ОҚМА АҚ сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен КЕЛІСІЛДІ

«27.05 2020, хаттама № 6

Тексеру кезеңділігі – 3 жыл



Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Терминдер мен анықтамалар	5
4	Белгілер мен қысқартулар	6
5	Мінор қосымша білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі	6
6	Мінор қосымша білім беру бағдарламасын іске асыру	8
7	Библиография	9
8	Қосымша	11

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы		E 044/460-2020
Minor қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 4 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ-ндағы Minor қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 - III «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелеріне (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы, 12.10.2018 ж.) және ҚР БҒМ бұйрықтарына сәйкес әзірленді: 31.10.2018 ж. №604 «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №207, «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015 ж. №137 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №141 13.04.2020 ж.

1.2 Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ-да (бұдан әрі - Академия) Minor қосымша білім беру бағдарламасында оқытудың негізгі ұғымдарын, форматын, ұйымдастыру тәртібін және шарттарын анықтайды.

1.3 Minor қосымша білім беру бағдарламасын игеру мақсаттары:

- түлектерді жұмысқа орналастырудың максималды мүмкіндіктері;
- еңбек нарығындағы ЖОО мен түлектің бәсекеге қабілеттілігі;
- ЖОО-ның экспорттық әлеуеті мен беделін нығайту.

1.4 Minor қосымша білім беру бағдарламасын игеру міндеттері:

- білім беру сапасын және кәсіби дағдыларды игеру тиімділігін арттыру;
- түлектерге бәсекелестік еңбек нарығында жұмысқа орналастырудың барынша мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;
- студенттің дайындық бағытын еркін таңдау мүмкіндігімен білім беру кредиттік технологияларын іске асыру;
- казакстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы дипломдардың еуропалық аймақтағы айырбасталымдығы;
- ішкі және халықаралық еңбек нарығында білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- білім беру нарығында академияның беделін нығайту.

1.5 Академиядағы Minor қосымша білім беру бағдарламасы туралы Ережені жүзеге асыру ережелері мен рәсімдері академияның білім алушыларына, эдвайзерлерге, Minor қосымша бағдарламаларының әзірлеушісі болып табылатын кафедраларға, деканаттарға, тіркеуші офисіне, оқу-әдістемелік орталыққа (бұдан әрі - ОӘО) қолданылады.

1.6 Осы ереже шеңберінде қызметті үйлестіруді жүзеге асырады:

- академияда - оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
- құрылымдық бөлімшелерде - факультет декандары, бөлім басшылары (кафедра меңгерушілері, ОӘО, тіркеуші офисі және т. б.).

1.7 Осы ереже ҚР Білім беру жүйесі қызметінің құқықтық шарттарының, халықаралық келісімдер мен академияда қолданылатын нормативтік базаның өзгеруіне қарай нақтылануы, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы Ереже ҚР қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік ұйымдастыру-өкімдік құжаттарын, "ОҚМА" АҚ Жарғысын, "ОҚМА" АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.
PK 044/001-2018	Сапа жөніндегі нұсқаулық.
СТ 044/003-2018	Ұйымдастыру құжаттамасын басқару
СТ 044/007-2018	Қызметтік құжаттарды басқару
СТ 044/007-2018	Жазбаларды басқару
СТ 044/009-2018	Жаксартуларды жоспарлау
СТ 044/010-2018	Басшылар тарапынан талдау.
СТ 044/020-2018	Ішкі тексерулер

3. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Major – пәндері кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын, бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін мемлекеттік үлгідегі диплом табыс етілетін негізгі білім беру бағдарламасы

Minor – пәндері қосымша құзыреттілікті қалыптастыратын қосымша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Minor қосымша БББ). Сонымен қатар бұл пәндер дайындық бағыты үшін бейінсіз болып табылады, піндер өзара байланысты немесе бір-бірімен байланысты емес болуы мүмкін, оларды студент осы Ережеде қарастырылған ережелер мен Академия ұсынған білім беру бағдарламалары шеңберінде таңдайды.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;
БББ	- білім беру бағдарламасы;
БББК	- білім беру бағдарламалары комитеті;
БӨЖ	- білім алушылардың өзіндік жұмысы;
ҚР БжҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы		Е 044/460-2020
Minor қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 6 беті.

ОБӨЖ	- оқытушымен білім алушылардың өзіндік жұмысы;
ОӘО	- Оқу-әдістемелік орталық;
ОН	- оқыту нәтижелері;
ПОӘК	- пәндердің оқу-әдістемелік кешені;
ТО	- тіркеуші офис.

5. MINOR ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1 Minor қосымша БББ-н әзірлеу тәртібі «ОҚМА» АҚ білім беру бағдарламаларын әзірлеудің жалпы тәртібі мен кезеңдеріне сәйкес келеді.

5.2 Minor қосымша БББ әзірлеу кезінде төмендегі әдістерді қолдана отырып, БББ-ның қажеттілігін талдаудан алынған қорытындыларды басшылыққа алу қажет:

- білім алушыларға қандай қосымша құзыреттерді меңгергісі келетіні туралы сауалнама жүргізу;

- БББ түлектерінің қосымша құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту қажеттілігі туралы мәселелерді жұмыс берушілермен талқылау;

- «Атамекен» рейтингіне және/немесе ресми ақпараттың басқа көздеріне сәйкес еңбек нарығын талдау (сайт enbek.kz, «жаңа мамандықтар Атласы» және т. б.);

- БББК-мен, кәсіби қауымдастықтармен, мамандармен Minor қосымша БББ игеру шеңберінде қосымша құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі мәселелерін талқылау.

5.3 Minor қосымша БББ құзіреттілік моделі контекстінде әзірленеді.

5.4 Бағдарламаның мазмұны оқытудың мақсаттарына, құзыреттеріне және нәтижелеріне байланысты.

5.5 Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі құзыреттілік тәсіл келесі принциптер арқылы жүзеге асырылады:

- 1) білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне бағдарлау;
- 2) оқыту барысында қалыптастырылатын оқыту нәтижелері кәсіби міндеттерді шешу қабілетіне бағытталуы тиіс;

5.6 Minor қосымша БББ-н әзірлеу кезінде оны іске асыру үшін қажетті кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржы ресурстарын айқындау қажет.

5.7 Бағдарлама үшін Minor қосымша БББ-н меңгеру аяқталғаннан кейін білім алушылар алатын оқытудың мақсаты мен нәтижелері айқындалады.

5.8 Пәндер тізімі бар бағдарламаның мазмұны әзірленіп, олардың мазмұны мен оқу реттілігі анықталады. Әрбір оқу пәнінің қайталанбас бір атауы бар. Бағдарлама пәндерінің еңбек сыйымдылығы анықталады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде әрбір оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санын құрайтынын ескеру қажет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы		E 044/460-2020
Minor қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 7 беті

Әрбір пәннің көлемі 5 кредиттен кем болмауы тиіс. Әрбір пәннің мазмұны барлық бағдарлама үшін әзірленген оқыту нәтижелерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

5.9 Әзірлеушілер оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқыту әдістерін, технологияларын және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін анықтайды.

5.10 Minor қосымша БББ-ның құрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды. Бағдарламаның құрылымы 1-ші қосымшада берілген:

- осы бағдарлама ұсынылған біліктілік деңгейі, мақсаты, құзыреттілігі, оқыту нәтижелері, көрсетілген білім беру бағдарламасының паспорты;
- әрбір пәннің мазмұны, игерілетін кредиттердегі көлемі және пән мазмұнының бағдарлама бойынша оқу нәтижелерімен арақатынасы көрсетілген пәндер туралы мәліметтер
- әр түрлі әдістермен, оқыту технологияларымен және бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін бағалау формаларымен оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы.

5.11 Білім беру бағдарламасының мазмұны әр түрлі пәндер мазмұнында қайталанатын үзінділерді қамтымауы тиіс.

5.12 Пәндердің оқу-әдістемелік кешені барлық пәндер бойынша әзірленеді.

5.13 Аудиториялық жұмыс көлемі әр пәннің көлемінен 30%-дан кем емес. БОЖ-ге ОБОЖ қатынасы 30:70 құрайды.

5.14 Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пән бойынша кредиттердің жалпы саны оны оқып-үйрену, сондай-ақ осы пән бойынша қорытынды бақылау нысандарын дайындау мен өткізуді қамтиды.

5.15 Бағдарламаның мазмұнын, оқу процессін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлау оқытудың кредиттік технологиясы негізінде жүзеге асырылады.

5.16 Minor қосымша БББ іске асырылған жағдайда практика базасы болып Major негізгі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ұйым (кәсіпорын) анықталады.

5.17 Білім беру бағдарламалары БББК, факультеттер кеңестерінің, әдістемелік кеңестің отырысында талқыланады, Ғылыми кеңесте бекітеді.

5.18 Minor қосымша БББ-ның қажеттілігі үшін және табысты жұмыс істеуі үшін 1, 2, 3, 4 курс студенттері арасында осы Minor қосымша БББ-ны насихаттау қажет (бағдарламаның тұсаукесері, бағдарламамен таныстыру, алға жылжыту).

5.19 Minor қосымша БББ үшін ПОӘК «ОҚМА» АҚ-ның пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу Ережесіне сәйкес әзірленеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы		Е 044/460-2020
Minor қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 8 беті

6. MINOR ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

6.1 Minor қосымша БББ-н жүзеге асыру осы Ереженің талаптарына, ЖОО-ның Академиялық саясатының талаптарына және «ОҚМА» АҚ-да қабылданған Академиялық адалдық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2 Білім алушы қосымша оқу ақысы есебінен қосымша дағдылар мен білімді игеру үшін оқу бағдарламасының әрекет ету кезеңінде Minor қосымша БББ бойынша қосымша кредиттерге (үстеме кредиттер) тіркелуге құқылы.

6.3 Осы Ережені жүзеге асыру үшін білім алушы «ОҚМА» АҚ-да және серіктес ЖОО-да Minor қосымша БББ-н меңгере алады.

6.4 «ОҚМА» АҚ басқа жоғары оқу орындарының білім алушыларына Minor қосымша БББ-н ұсына алады және бағдарлама бойынша оқыта алады.

6.5 Білім алушы Minor қосымша БББ-н таңдайды және оған тіркеледі. Тіркеу «ОҚМА» АҚ-ндағы элективті пәндерді тіркеуге қарастырылған мерзімде жүргізіледі. Minor қосымша БББ-на тіркеуді ТО жүзеге асырады.

6.6 Minor қосымша БББ-н игеру шарттық келісімдерге негізделген. Бағдарламаны таңдау және оған тіркелу кезінде білім алушылармен Minor бағдарламасы бойынша оқу туралы жеке шартқа қол қойылады. Шарттың нысанын Minor қосымша БББ-н әзірлеуші жоғары оқу орны ұсынады.

6.7 Minor қосымша БББ білім алушының жеке жоспарына енгізіледі.

6.8 «ОҚМА» АҚ-да игерілетін бағдарлама пәндері транскриптке енгізіледі. Minor қосымша БББ-н меңгергеннен кейін «ОҚМА» АҚ-да және/немесе басқа ЖОО-дарда бағдарламаның пәндерін оқығанын растайтын сертификат немесе басқа құжат бере алады. Транскрипт және/немесе сертификат беруді белгіленген нысандағы бланкіде Minor қосымша БББ-н әзірлеуші ЖОО жүзеге асырады.

6.9 Minor қосымша БББ-н игеру күндізгі форматта және қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы онлайн форматта оқытумен жүзеге асырылуы мүмкін.

6.10 Minor қосымша БББ-н меңгеру үшін білім алушы 4 жылдық білім беру бағдарламасы үшін 2-ші оқу жылынан бастап Minor қосымша БББ бойынша 20-25 оқу кредит ауқымында және 5 жылдық білім беру бағдарламасы үшін 3-ші оқу жылынан бастап игереді. Әрбір Minor қосымша БББ 5 кредит бойынша 3 міндетті пәнді және 5 кредит бойынша 1 немесе 2 пәнді қамтиды. Мажор және Minor бағдарламалары бойынша игерілген оқу кредиттерінің жалпы саны игерілетін оқу кредиттерінің ең аз көлемінен, 4 жылдық білім беру бағдарламасы үшін - 240 оқу кредитінен, 5 жылдық білім беру бағдарламасы үшін - 300 оқу кредитінен асатын болады.



7 БИБЛИОГРАФИЯ

[1]	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 389-III, 4.07.2018 ж.
[2]	«ОҚМА» АҚ Жарғысы
[3]	«Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ №604 бұйрығы, 31.10.2018ж.
[4]	«Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ №152 бұйрығы, 20.04.2011ж., өзгерістер мен толықтырулар, 12.10.2018ж.
[5]	2011-2020 жж. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
[6]	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №207 бұйрығы 18 мамыр 2020 жыл.
[7]	«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015 ж. №137 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №141 бұйрығы 13.04.2020 ж.



Оқу-әдістемелік орталығы

Е 044/460-2020

Мінор қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже

12 беттің 10 беті

Әзірледі:

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
ОӘО басшысы	Ибрагимова А.Г.	12.05	

Тексерді:

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
МЖСМЖ сектор меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.	19.05	

Келісілді:

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
ОӘЖТЖ бойынша проректор	Анартаева М.У.	19.05	
Әкімшілік және құқықтық камтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	19.05	



1-ші қосымша

«Атауы Minor» қосымша білім беру бағдарламасының Паспорты

Рет саны	Қатар атауы	Ескертулер
1	Тіркеу номері	
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	
3	Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	
5	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	
6	БББ түрі	
7	БББ мақсаты	
8	БЖХС бойынша деңгей	
9	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	
10	Салалық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	
11	БББ ерекше ерекшеліктері	-
	ЖОО-серіктестік (СОП)	-
12	Құзыреттіліктер тізімдемесі	
13	Оқыту нәтижесі	
14	Оқыту формасы	
15	Оқыту тілі	
16	Кредит көлемі	
17	Пәндер туралы мәліметтер	

«Атауы Minor» қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері

Нәтиже коды	Нәтижені тұжырымдау
ОН1	
ОН2	
ОН3	
ОН4	
ОН5	
ОН6	
ОН7	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Оқу-әдістемелік орталығы

Мінор қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже

Е 044/460-2020

12 беттің 12 беті

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптасатын оқыту нәтиже-лері (кодтар)
Міндетті компонент				
1			5	
2			5	
3			5	
Тандау компоненті				
4			5	
5			5	
Барлығы: 25 кредит				